

егемен  
Акъеңет

**ЖОЛДАСБЕКОВ Мырзатай**

## **Асылдарым Эссе**

«Бізге еліміздің маңдайына ұстаған темірқазық жүлдзызындағ ғажайып ғұламалардан дәріс алу бақыты бұйырды. Орта Азияның тарихы мен археологиясынан академик В.В.Бартольд, үнді фольклоры мен өнерінен академик С.Ф.Ольденбург, араб филологиясынан И.Ю.Крачковский, парсы поэзиясынан Е.Э.Бертельс, көне түркі тілінен С.Е.Малов, тіл білімінен академиктер Н.Я.Марр, И.И.Мещанинов, Л.В.Щерба, атақты шығыстанушылар В.В.Струве, Б.М.Эйхенбаум, А.Ю.Якубовский, белгілі географ Г.Е.Грумм-Гржимайло бізге лекция оқыды. Осынау корифейлерден тәлім алған біздер 2 курстан-ақ өзімізді шын ғалым санадық». Академик Ә.Х. Марғұланның қунделігінен.

Біз кешегі ұлы ағаларымыздың алдын көрген бақытты ұрпақпыш. М.Әуезов – бізге үш жыл қатарынан «Қазақ ауыз әдебиетінен», «Абайтану» және «Манас» жырынан, «КСРО халықтары әдебиетінен»; З.Қабдолов – «Әдебиеттану», «Әдебиет теориясы» пәндерінен; Е.Ысмайылов – «Қазақ ақындарынан», Б.Кенжебаев – «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен», М.Қаратаев – «Әдебиет сыйнынан», Т.Нұртазин «Қазақ совет әдебиетінен» дәріс оқыды. Н.Сауранбаев, С.Кеңесбаев қазақ тілінен сабак берді. Ұстаздарымыздың жүріс-тұрысының өзі легенда болатын. Қызыға қарап, бейнебір сахараның шөлінен шөліркеп келгендей ынтығып тыңдаушы едік.

Автордың қунделігінен.

### **1. АЛЫП ТАУЛАР АЛЫСТАП БАРАДЫ**

Өнегесін көрген, тәлім алған ағаларымды көп сағынамын. Өзімді керуені қара үзіп, елі көшкен жүртта қалғандай сезінемін. Бәзбірде жан әлемінді айтып болмас мұң қеулейді. Ойласам-ақ, ішін өрт шалған ормандағы боламын. Ағыл-тегіл сағыныш сазынан сарғаямын, жүргегім талады. «Қайдасындар, асыл ағаларым!» деп шарқ ұрып іздеу салғым келеді.

Кешегі қазақтың маңдайындағы жалғыз университетінде оқып жүрген кезімде алдын көрген, содан кейінгі жылдары араласқан Әлкей Марғұлан, Әбділда Тәжібаев, Бейсембай Кенжебаев, Есмағамбет Ысмайылов, Мұхаметжан Қаратаев, Қалтай Мұхamedжанов, Шахмет Құсайынов, Зейін Шашкин, Зейнолла Қабдолов, Өмірбек Жолдасбеков секілді асыл ағаларымды жиі еске аламын.

Шалғай ауылда туып-өсіп, білім іздеپ Алматыға келіп, жаутаңдал – қорғаныш, таяныш іздеپ жүрген шағымда жылы жүзбен құшағына алған ағаларым еді. Бейне, шөлден келген кісідей ол кісілердің сөздерін аузымызды ашып, қайран қалып тыңдаушы едік. Тыңдаудан жалықпадық. Айтқан өнегелі сөздерін жүргегімізге сіңіріп өстік. Соларға ұқсауға тырыстық.

Өмір жәрменекесі ызғуыт, шымшытырық дүние ғой, оған әркім әрқалай жолмен жетеді. Оқу, іздену, отбасын құру, шығармашылықпен айналысу, он-

солынды тану секілді үлкен өмір жолында әлгі ағаларымнан көп үйрендім. Басымнан сипап, ақылын айтып, мені әдебиеттің даңғыл жолына салды. Үлкен үмітпен қарады. Бүгінде елімді танып, өзімді еліме таныта алсам – сол ағаларымның арқасы деймін. Мен де ағаларымның үмітін ақтадым деп ойлаймын.

Біздер Әуезовтің алдын көрген буынбыз.

Сол кездегі Комсомол, қазіргі Төле би-Байтұрсынов көшелерінің қызылсындағы үш қабатты университет үйінің күншығыс бетіндегі үлкен аудиторияға ай маңдайы жарқырап Мұхаң кіріп келгенде, бейне пайғамбардың өзі болмағанымен, қасиетті Қызыр Ілияс енгендей сезілетін. Келбетінен көз алмай отыруши едік. Жалтыраған қара туфлиі басқан сайын сықырлап, олай-бұлай көсілуші еді. Бірінші жылы «Ауыз әдебиетінен», екінші жылы «Абайтану», «Манас» эпосы арнайы курсынан, үшінші жылы «КСРО халықтары әдебиетінен» дәріс оқыды. Осы үш жылдың өзі біз үшін үлкен университет болды. Гұламаның, абыздың алдын көрдік, зертханаасынан еттік. Ғажайып бір білім бұлағынан сусындал, көкжиегіміз кеңіп, көкірек көзіміз ашылып, тау басына шыққандай сезіндік. Әуезовтің сары даланың желіндей, жаныңа себелеп нұр құйғандай сазды, ғасырлар түбінен жеткендей әуезді майдақоңыр, жібек үні құлағымызда қалды.

– Бәлі, «Манасқа» жететін эпос жоқ қой дүниеде. Гомердің «Илиада», «Одиссеясын» әлемдегі ең ұзак жыр дейтіндер бар. Онысы бекер. Көлемі жағынан «Манасқа» жететін жыр жоқ. Мен талай манасшыны көрген, тындаған адаммын. Атақты Келдібек манасшыны, Саяқбай Қаралаевты қаншама тыннадым. «Осынша ұзак жырды қалай жаттадың?» деп манасшылардан сұрасаңыз, бәрінің де айтатыны: «Шырт ұйқыда жатқанда Манас келіп: «Неғып жатырсың? Жырла мені» деп аян берді. Ояна кетсем түсім екен, көкірегімді жыр кернеп жата алмадым. Содан бері жырлап келемін» дейді.

Сенейін десен аңыз секілді, сенбейін десен, бәрінің де айтатыны осы. Ұл-дағы халық жырларына, елдік мұраларына қатысты тереңірек үңіліп зерттейтін құбылыстардың бірі. Мен «Манасты» Ленинградта аспирантурада оқып жүргенде жыл бойы оқып әзер тауыстым. Расында да, көлемі жағынан «Манасқа» тең келетін жыр жоқ. Ас, намаз, дәрет уақытын есептемегендеге, егер манасшы қой күйек байлағанда отырып жырласа, сол қой келесі көктемде қоздағанша таусылмайды. «Манастан» ұзак, «Манастан» көлемді эпосты адам баласы тудырған жоқ» – дегенде, аузымызды ашып, бейне бір ертегі тындағандай ұйып отыруши едік.

Дәріс соңында ішімізге сыймай журген, абызымыздың өз аузынан естісек деп, асыл ағамызға неше түрлі сұрақтар қоямыз. Ол кісіге сұрақтың үлкен-кішісі болмайды, бәріне де айызымызды қандырып, көсліп жауап беретін.

Бірде мен:

- Аға, Абайды көрдіңіз бе? – деп сұрадым.
- Иә, Абайды көрдім, – деді жарықтық.
- Сол көргеніңіз есінізде қалды ма? – дейміз жамыраған қозыдай.

– Ол кезде алты жаста едім. Әжеме ілесіп бардым. Ауылда үлкен кісіге, Абайға арнап сыбаға тарту деген салт болатын. Әжем Абайға сыбаға тартып баратын болды. Ілесіп мен де бардым. Үлкен үйдің төрінде дөңкиген төбедей болып қараторы кісі отырды. Әжем екеуі ұзақ әңгімелесті. Әбден зерігіп кеттім. Үйге қайтайық деп қынқылдап жылай бердім. Бір кезде әлгі кісі маған бұрылып қарап: «Бала, сен тентек екенсің ғой», – деді. Сонымен ауылға қайтып кеттік. Абайды бар көргенім осы, – дейтін жарықтық.

Үзіліске қонырау соғылады, Мұхаңның онымен ісі болмайтын. Лекциясын оқи беретін. Біз де үзіліске шықпай-ақ ол кісіні тыңдай бергіміз келетін. Неше түрлі адам бар ғой, сабаққа кейде келіп, кейде келмейтін, келсе де лекцияны зейін қойып тыңдамайтын кейбір студенттер біздің де арамызда болатын. Сондай пысықайлардың бірі:

- Қонырау соғылды, аға, үзіліс! – деп тыптыршитын. Сонда Мұхаң:
- Ендеше, демалыңдар, – дейтін жақтырмай.

Үзіліс кезінде ұзын дәлізге шығып аныз адамындағы арлы-берлі жүретін. Басқан ізін басып жүргіміз келетін. Қасында отыру, бір-екі ауыз сөзін есту өміріміздің мұраты болатын. Енді ғой басқан ізіне зар болып қалдық.

Шет жағасын білемін: асқар Алатаудай, есімі әлемді тербеткендей сол Әуезовті де кезінде көре алмай, құстаналаушылар болған. Үстінен домалақ арыз да жазған. «Абай» романын байшыл, рушыл топтың образдар галереясын жасаған деп те сынаған. Аузы-басы жыбырлаған, бар болса көре алмаған, жоқ болса бөліп бере алмаған күншілдер көлеңкедей ілесіп соңынан қалмаған. Амал не, олар да адамзатпен бірге өмір сүре береді.

Ойлап кетсең пұшайман боласың. Сөйтсек – өмірдің өзі қым-қуыт құрес екен ғой.

Жақсы да, жаман да кісінің пейілінен. Қысқалы-ұзынды ғұмыр да – кісінің пейілінен! Тілеуі жақсы, жүрегінің шамы жарық кісінің соңынан жақсы сөз ілеседі. Менің бағым ба екен, жүрегі жұмсақ кіслердің жақсылығын көп көрдім.

КазГУ-дің Қазақ әдебиеті кафедрасы пікірсайыстың, кеменгерліктің қайығы секілді еді. Құнделікті өмір толқынында үнемі шайқалып, әдебиеттің қазаны қайнап жататын.

Кафедра мәжілісінің төрінде Мұхаң отыратын. Кафедра менгерушісі – Мәстура (Мәскен) Сармурзина апамыз. Алланың сүйкімді құлыш секілді үйректің көгілдіріндей мөлдіреп қарайтын. Жайдары, жарқын, мейірбан еді, қазақ қыздарының ішіндегі ажарлысы еді. Қараған көз тоймайтын. Мұхаң жап-жас Мәскен апайды «Кафедраның әжесі» деп еркелетіп отыратын. Мұнысы әбден жарасатын.

Мен Мәскен апамның қамқорлығын көп көрдім. Шапагаты көп тиді. Университет бітірерде диплом жұмысын «Шахмет Құсайыновтың драматургиясы» деген тақырыптан қорғадым. Жетекшім Мәскен апай еді. Мені М.Әуезовке мақтап, университетте қалдыру керек деп жүрген де, Мәрия екеуміз бас құрағанда жақын тартып, жылы шырай білдірген де осы кісі. Анасы дүниеден өткенде үйінде көп қызмет жасадық. Мәрия тік тұрып

қазандықтан шықпады. Риза болғаны сонша, әкесі Ғайса Сармурзин ағамызы Мәрияны оныншы қызым деп атап кетті. Ғайсекең Мұхтар Әуезовпен жақын дос еді. Мұханұды сол үйде бірнеше рет көрдім. Арғы-бергіні ақтарып екеудің үзақ әңгімелесіп отыратын.

Мәскен апай соншама кішіпейіл кісі еді. Сол кезде жап-жаспын, жасым әлдеқайда кіші. Сонда да ол кісі менің атымды атаған емес, Мырзеке деп кетті. Не деген әдептілік, не деген кішіпейілділік десенізші!

Кейіннен Мәскен апай қазақтың Қыздар педагогикалық институтына ректор болып тағайындалғанда Мәрияны өзімен қоса қызметке ала кетті.

Кафедра мәжілісі қызықты өтуші еді. Өзімді оқытқан, тәлім-тәрбие берген ағаларыммен бірге отыру, сөзін тыңдау, кейде солардың алдында сөз сөйлеу мен үшін үлкен өмір мектебі болды.

Ай маңдайы жарқырап төрде М.Әуезов, ол кісіден тәменірек Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Т.Нұртазин, Б.Шалабаев, Х.Сүйінішәлиев, З.Қабдолов ағалар отыратын. Беріректе Т.Кәкішев қосылды. Мен есік жаққа жайғасамын. Мәскен апай мәжілісті бастайтын. Мәжіліске дейін де, мәжілістен кейін де әдемі әзіл-қалжың үзілмейтін. Бәрі де жарасатын. Осылардан басқа жақынның жоқ секілді сезінетінмін. Тұған ағамнан, туған апамнан артық көретінмін.

Әлі есімде, бір күні Белгібай Шалабаев ағамызы әппақ шашын қап-қара қып бояп келіпті. Жұрт іштей таңғалысты. Тершең кісі еді, өзі де ыңғайсызданды ма, қос орамалымен жалтақ-жалтақ қарап сүртіне берді.

Сәл кешігінкіреп Мұхаметжан Қаратаев келді. Амандастып жайғасқан соң:

– Бұл қай өнерің, мұны не деп түсінуге болады, Белгібай? – деп түсін сүйтты. Мұхаметжан ағаның түсі сүйқтау болатын.

Бел-ағаң қипақтап, ыңғайсызданып:

– Ақылды бастың гүлдегені ғой, Мұха, – деді. Жұрт ду құлді.

Кезекті бір отырысқа Белгібай аға әлгі шашын ұстарамен тап-тақыр қылышп алғызып келіпті. Басынан шыбын тайып жығылғандай.

Бұл жолы да М.Қаратаев кешігінкіреп келді.

– Белгібай, енді мынауыңа жол болсын, – деп мырс етті. Ол кісі бейсауат қуле бермейтін.

Бел-ағаң:

– Өмірде не болмайды. Ақылды басқа ақымақ шаштың керегі жоқ деп алдырдым да тастадым, Мұха, – деді.

Бәрі ду құлді.

Кафедра мәжілісінде қазақ әдебиетінің өткені мен бүгіні туралы келелі әңгімелер болатын. Әзіл-қалжың да аз айтылмайтын. Кафедраның мәжілісінен мен үнемі театрдан қайтқандай, өмір мектебінен өткендей болып шығатынын.

Осындағы әзіл-шыны аралас оқиғалар жиі-жиі болып тұратын.

Алланың бүйіріғы шығар, ғұлама Әлкей аға Марғұланмен жиі-жиі үшірасып жүрдім. Үйіне жиі барушы ем. Жазба үстелінде қағазға көміліп отыратын. Қолында үлкейткіш әйнегі, көзәйнегі де лупа секілді. Үкідей

үрпіп қарағаны қызық. Жалықпайды. Үні қарлығып шығады. «Жақындағана ғылыми экспедициядан келдім... қазақ даласы алтын сандық... сол алтын сандықтың үстінде отырмыз...», – деп алыс бір ертегі әлемінен келгендей ғажайып әңгіменің өрмегін тоқушы еді. Білмейтіні жоқ. Қай мәселе болмасын, өзге бір әлемнің әдібін сөгіп, шымылдығын аштын.

Кейде ғұламаның байтақ әңгімесіне көшетін. Арасында: «Бұл мәселе Бартольдтың еңбектерінде егжей-тегжей талданған. Зайнчковский де жақсы жазған. Сен оны оқыдың ғой?» – дегенде жүргегім зу ете қалатын. Жарықтық Әлекен өзі білгеннің бәрін өзгелер де біледі деп ойлайтын. Ол кісіден шыға салысымен-ақ шарқ ұрып әлгі ғалымдарды іздей бастайтынмын. Сөйтіп, Ә.Марғұландай ғұламамен жүздесу, сұхбаттасу, кездесудің өзі маған өз алдына университет болды.

Ә.Марғұлан Шоқанның бес томдығын құрастырды. Алғысөзін жазды. Шоқанның бес томдығына жазылған алғысөзді ағып түрған поэзия, өмірбаян жазудың ғажайып үлгісі дер едім. Қазір оқысаң да магнит өрісіне түскендей ой-сезімінді дуалап алады. Не деген көрегендік, не деген Шоқанға сүйіспендей, ұлы маҳабbat десенші! Ұлы қайраткерлердің өмірін жазамын деген кіслерге алдымен Ә.Марғұланның Шоқан жайында жазғанын оқу керек дер едім.

Есмағамбет Ысмайылов – «Қазақ ақындарынан», Мұхаметжан Қаратаев – «Әдебиет сынынан», Бейсембай Кенжебаев – «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінен», Белгібай Шалабаев – «Методика» пәнінен, Теміргали Нұртазин «Қазақ совет әдебиетінен», «Романтизм мектебінен» сабак берді. Осы кіслердің жүріс-тұрысының өзі легенда болатын. Қызық бір драма көргендей мәзденуші едік.

«Шахмет Құсайыновтың драматургиясы» деген тақырыпта диплом жұмысын жазып жүрген кезім.

1960 жылдың сәуір айында Жазушылар одағында драматургияға арналған пленум өтті. 5 курстың студенті едім. Сол пленумда сөз сөйледім.

Сөзімде классиктеріміздің «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу», «Ақан сері-Ақтоқты», «Айман-Шолпан» пьесаларын тілге тиек етіп келіп... әлемдік шеберлік туралы айтып-айтып, тақаудаған Мұсірепов пен Қазақстандағы «Известия» газетінің тілшісі Бреус есімді автор екеуі бірігіп жазған «Сен қайтер едің?» деген пьесаны сынға алдым. Диалогтардың әлсіздігі, ситуацияның жасандылығы өз алдына, кейіпкерлер ешқандай сомдалмаған, жасанды, сендірмейді, тебірентпейді, пьесаның арқауы драматургияның жүгін көтермейді дедім. Классикалық трагедиялар жазған, керемет характерлер жасаған Ғабит Мұсірепов ағамыздың есімін мынадай болмашы, түкке тұрмайтын шығармадан қызғанамыз дегенді де айтып қалдым.

Ол кездегі тәртіп бойынша одақтас республикада нендей жиын болса да Мәскеуден біреу келіп қатысып отыратын. Бұл пленумда драматург Афанасий Салынский келіп отыр екен. Кеңес Одағының барлық театрларында пьесасы қойылып, даңқы жер жарып түрған кез болатын.

Президиумда жанында отырған Мұхтар Әуезов ол кісіге менің сөзімді аударып отырғанын байқадым.

Залда, алдыңғы қатарда атағынан ат үріккендей өнердің, әдебиеттің қайраткерлері отырды. Мен мінбеде сөйлеп тұрмын. Залдың алдыңғы қата-рынан айтылған кейбір сөздерді де құлағым шалып қалып жатты. Серке Қожамқұлов ағамыздың: «Әлі табанына шоқ баспаған бала ғой» деген сөзін анық естідім.

Мен сөйлеп тұрмын. Бір кезде залға Ғабит Мұсірепов кіріп келе жатты. Жайлап, шайқала басып, төрге қарай жүріп келеді. Жұрт сілтідей тынды. Ішінен демалады. Енді не болар екен дегендей, бірде маған, бірде Ғабене қарайды. Ғабен төрдегі орнына жайғасып, бұрылып маған қарап отырып, сөзімді мұқият тыннады. Жүрексіндім. Жүрексінсем де сөйлей бердім. Сөзімді аяқтаған кезде барып жұрт ду қол шапалақтады. Зал дүрлігіп кетті. Көпшіліктің бұл ықыласы құлығы, сұмдығы жоқ студенттің ағынан жарылып бүкпесіз сөйлегеніне ризашылықтың белгісіндегі сезілді маған.

Менің сөзімнен кейін үзіліс жарияланды. Фойеге шықсам, топ-топ, гу-гу әңгіме екен.

Анадайдан Ахмет Жұбанов ағамыз:

– Мырзатай шырақ, ағаларыңа мойныңды бұра кет, – деді.

Келіп сәлем бердім. Ахаң бәсек дауыспен:

– Мырзатай шырақ, сен әскерде болмағансың ғой, сірә, – деп қигаштай сөйледі. – Әскерде автомат деген болады... миномет деген болады... минометші көздегенін көрмейді, қырдан асырып атады... ал автоматпен бетпе-бет келген кісіні атады... автоматшы көрініп қалады... сенің әлгі сының автоматпен атқандай болды, өмірді жана бастап жатсың ғой, сынға да абай болғаның жөн, – деді.

Болар іс болды, айтылар сөз айтылды ғой, не дейін.

– Аға, жаспын ғой. Ағалық ақылыныңға раҳмет, – дедім.

Бір кезде Бек Тоғысбаев келіп:

– Сені Әуезов шақырып жатыр, – деді ентігіп. Жүрегім дүрсілдеп қоя берді.

Одақтың бірінші хатшысы отыратын үлкен бөлмеге ендім. Төрде Әуезов пен Афанасий Салынский екеуі отыр екен.

– Бәлі, Мырзатай шырақ, өте жақсы сөйледің, біліп сөйледің. Сын осындаш шын болуы керек. Расын айтпаған жалтақ сынның әдебиетке пайдасы жоқ. Әсіресе өздерің секілді әдебиетке жаңа келген біздің жастарымыз әділ болулары керек. Сөзің ұнады. Білімнің пайдасы деген осы. Өзің университетті биыл бітіресің ғой? – деп іштарта сөйледі. – Қызметке қайда бармақшысың?

– Биыл бітіретін жастар бәріміз Теміртауға барып, бүкілодақтық екпінді құрылышқа қатысамыз деп жүрміз.

Мұхаң тұтігіп кетті.

– Бәлі, Теміртауың темір балқытатын жер емес пе? Басқа басқа, сендерге не бар онда? Алған білімің құмға құйған су секілді болмай ма? Ол

неғылғаның? Мәскең апайың, Есмағамбет те сені кафедрада қалдырсақ деп жүр ғой.

Осыны айтып Мұхтар Әуезов хатшы келіншекке: «Мені университеттің ректорымен қосшы», – деп өтініш жасады.

Көп ұзамай телефон шылдыр етті. Мұхаң телефон құлағын көтеріп, университеттің ректоры

Темір Байбосынұлы Дарханбаевпен сөйлесіп жатты. Естіп отырмын. – Темір Байбосынұлы, қазақ әдебиеті кафедрасына бір орын керек, Жолдасбеков деген бесінші курстың студенті бүгін Жазушылар одағының пленумында жақсы сөйлемді. Келешегі бар жастарды кафедрага алып қалған жөн болар еді. Кафедра да осы пікірде көрінеді, – деп қоңыр үнімен ректорды иландырып жатты.

Жас та болсақ сеземіз, Мұхаңның атақ-абыройының асқақтап тұрған кезі, кім қарсы келе қоюшы еді. Дәл сол сәтте менің панам да, қамқоршым да, ең жақынды да Мұхтар Әуезов болып көрінді.

Ертеңіне ректор Дарханбаевқа бардым. Ол кісі мені қазақ әдебиеті кафедрасының ассистенті етіп жарты ставкаға алды. Жалақысы 52 рубль 50 тиын екен. Жарты жылдай осы жалақымен күн көрдім. Жарты жылдан соң Мәскең апай ректорға кіріп мені толық ставкаға көшірді. Оның жалақысы 105 рубль болатын. Осы жалақымен Мәрия екеуміз күнімізді көрдік.

Жаз шыға жоғарыда айтқандай, «Шахмет Құсайыновтың драматургиясы» деген тақырыпта диплом жұмысын қорғадым. Ресми төрешім Зейнолла ағамыздың жұмысында жоғары бағалап сөйлегені, маржандай төгіп пікір жазғаны әлі күнге есімде. Кейінше ойласам, үлкен ұстаз үшін диплом жұмысы деген әншайін-ақ нәрсе. Сол кішкентай нәрсеге көнілін бөлгенін айтсаңшы!

Салдарсыз себеп тумайды. Дуалы ауыз ағалардың алдын кесіп өтпей, кітапханадан шықпай, қағазға көміліп жүргесін бе, осы баладан бірдене шығады деп ойлаған болуы керек, бесінші курстың аяғында әлгі Шахмет ағамыз тілдей қағазға хат жазып беріп еді. Ашып қарасам – хатты профессор Есмағамбет Ісмайыловқа жазыпты:

– Есмағамбет! Сен гуманный едің ғой. Мына Мырзатайдан үлкен әдебиетші шығайын деп тұр. Қамқорлығыңа ал. Университетте қалдыруға күш сал. Мұхаңмен ақылдас, – деп қолын қойыпты.

Тілхатты сол күні Есмағамбет ағаның қолына тигізген болатынмын.

Кейін білдім, Есмағамбет аға мен жайында ректорға да кірген екен, жоғарыда айтылғандай аяулы Мұхаң да өтініш жасаған екен ғой. Сөйтіп, ағаларым, Мәскең апам тілекші болып, ақырында тағдырымды қазақ халқынан туған ең ұлылардың бірі аяулы Мұхтар Омарханұлы шешіп еді.

Туганы, туысы емеспін, біріміз ойдан, біріміз қырдан болсақ та, жанжақтан маған соншама қамқорлық жасаған, сөйтіп менің тағдырымды шешіп, келешегімді айқындалп берген асылдарымды қалай ұмытамын. Ешқашан ұмытпаймын. Үнемі ризашылықпен есіме алып, төңірегімдегілерге айтып келемін. Сол ұлыларымның маған деген ықыласына күніне мың шүкіршілік етіп отырамын.

Ол кезде Алматыда пәтер алу өте қыын. Түйіншектерімізді сүйретіп үйден-үйге көшіп жүреміз. Сыған секілді үйсіз-күйсіз көшіп жүретін қазақ жастарының біріміз.

Есмағамбет Ысмайылов аға Совминнің үйінде тұрады. Мәскеуден атақты ғалым Владимир Максимович Жирмунский келіпті, ағамыздың үйінде болыпты дегенді естімін. Кейінше атағы дардай ғұламаның қыртысы қалың «Пушкин и Байрон», «Тюркский героический эпос» деген кітаптарын оқығаным бар. Шаруасы болды ма, Есмағамбет аға мені іздепті. Сайда саны, құмда ізі жоқ, мекені-тұрағы жоқ мені қайдан таба қойсын. Шарқ ұрып іздепті. Таптыра қоймаптын. Бір күні университет дәлізінде ұшыраса кетіп, қабағын суытып:

- Осы сен қайда жүресің? – деді.
- Көшіп жүреміз ғой, аға – деп жауап бердім.
- Немене, күнде көшесің бе? – деді.
- Құнара, аға, – дедім.

Ұлken басын шайқап үндемей тұрып қалды.

Тері өндеу комбинаты жанындағы құрқылтайдың ұясында шағын пәтерді жалдап тұрып жатқанбыз. Бір күні Есмағамбет Ысмайылов ағай шақырады деген хабар жетіп, балағымды сүйретіп ол кісінің қазіргі Желтоқсан көшесі мен Абай даңғылы қылышындағы үйіне келдім. Әйелі Шәйзада апайға ас салғызыпты. Ағаның жанында аққұбаша келген кісі отыр. Кейінше білдім, туған жиені Мұтәлләп Нұртазин есімді кісі екен. Дастанқанға отырдық. Ас жеп болған соң онаша бөлмеге шықтық. Есмағамбет аға сөз бастады.

– Мұтәлләп, сениң ең шауып шыққан жерің мектеп директорлығы. Елге, Көкшетауға қайт. Ренжіме. Өзің отырған үйді мына Мырзатайға бер, қаңғып жүр, бұл жігіттен ұлken үміт күтіп отырмыз, әдебиетші ғалым болады, – деді салмақтап.

Байқаймын, күтпеген болуы керек, Мұтәлләп мандайын тасқа соққан бекіре балығындағы үн-тұңсіз, тым-тырыс отырып қалды.

Әйтсе де нағашы ағасына қарсы сөз айта алмады. Отырып-отырып, біраздан соң: «Макұл» деді. Бұл сөзді амалсыз айтқанын мен де сездім. Көп ұзамай Панфилов паркінің күнбатыс жағындағы қағаз картоннан салынған шағын баспананы босатып берді. Мәрия екеуміз жұмақтың төріне шыққандай болдық.

Картоннан салынған времянкада тұрамыз. Көршіміз абыз Абайдың ауылынан шыққан қадірлі кісі – Әбіш Жиреншин. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Жиреншениң немересі. Ол кісінің зайыбы – Саида апамыз ертегі-кеш көкбазардан себетке толтырып азық-түлік тасиды. Семіз ет таңдайды. Құнара қазан көтеріп, ет асады. Еттің иісі бұрқырап мұрын жарады. Қара нанды шайға жібітіп талғажау жасап отырған біздер Әбіш ағаның үйіне мойын созып қараймыз. Қонақжай кісі ұлken астан қалдырмайды. «Ет жендер!» деп дауыстап шақырады. Қуана барып, жозы үстелге дөнгелене малдас құрып, білек сыбанып кірісіп кетеміз.

Әбіш аға көк базардан ылғи семіз ет алдырып жейтін. Текті кісі еді ғой. «Жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы» деп отыратын.

Әбіш ағаның сол кездегі атасы Жиренше, одан соң Абай, Біржан, Оразбай, Тәкежан туралы ұзақтан қайырып айтқан көрікті әңгімесі көкейімізге жазылған хаттай сақталып қалды. Жиреншенің бел келіні, Әбіш ағаның анасы Ұмыттық әже де керемет кісі еді. Менің анам Қалдықулмен екеуі көршілес тұрып жақсы араласты. Тектінің тұяғы, көргенді кісі ғой, Ұмыттық әже құдайдан тілеуімізді тілеп, батасын беріп отыратын. Анам қайтқанда сүйегіне салған ішігін көз көрген еді деп осы Ұмыттық шешеміздің иығына жаптық. Артында бар оңалар дегендей, шүкір, Әбіш ағаның арты жаман болған жоқ. Баласы Қазбек ініміз еліне белгілі ғалым-қайраткер.

Ғылыми жетекшім Бейсембай Кенжебаев мені әуелден ежелгі әдебиетке бейімдеді.

Ол кезде Бейсекең кафедра менгерушісі болатын, кандидаттық диссертацияның тақырыбын оғыз дәуірінің әдеби ескерткіші “Оғызнамаға” байланысты анықтап берді. Жұмысымды игеріп, аяқтай бергенде, басқа тақырыпқа көшуге мәжбүр болдым. Ендігі тұста ежелгі әдебиет ескерткіштерін, көне дәуірді, әдебиет тарихының түп-төркінін зерттеуге ойыстым. Тақырып өте құрделі әрі қыын, әрі дау-дамайы көп. Бейсекең қазақ әдебиетінің тарихын сегізінші ғасырдан бастау туралы ғылыми идея көтеріп жүрген кез. Идея жаңа, батыл, негізді, Әуезов ұстанымымен ұндес. Бірақ ол кезде оны біреу қолдаса, біреу қолдамайтын.

Бес саусақ бірдей емес. Мен білетін белгілі деген кісілердің біреулері басқаларды қолдай отырып, олармен ынтымақтаса бермейтін. Ал Бейсекең елдің бәрімен де ынтымақтас секілді көрінсе-дағы, олардың айтқан пікірлеріне ере бермейтін. Көп сейлемейтін, мақтанбайтын, кісіні еңбегінің маңызы мен мәніне қарап бағалайтын, көзге мақтамайтын, ешкіммен бет жыртысып ұрсысып та жатпайтын. Иі жұмсақ болғанымен, дәті қатты еді. Өз ұстанымынан, өз бағытынан қайтпайтын. Үндемей жүріп-ақ үйдей іс бітіретін.

Бейсекеңнің осы қасиетін мен керемет жақсы көрдім, кісіліктің келісті түрі деп білдім. Өзім де сол кісінің бағыттауымен зерттеу жұмыстарымды орындаі жүріп, түрлі ғылыми кеңестерге, конференцияларға бірге қатысамын, ежелгі әдебиет ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы туралы ойларымды ортаға саламын. Бірақ ешкіммен қызылкеңірдек болып айтыспадым.

Сөйтіп жүріп Әлкей Марғұлан ағамен ақылдастым. Мұндай жақсымен сөйлескеннің, сұхбаттасқанның, оның ұстіне одан тәлім алғанның игі әсері болмай қалмайды. Әлекең ежелгі әдебиет ескерткіштерінің қазақ әдебиетіне қатысы туралы мәселенің ғылыми маңызы өте жоғары екенін айтып, менің зерттеуіме де, өзіме де ерекше ықыласпен қарады. Ағамызбен өте жақын болдым. Менің жұмысыма Бейсекеңнің өзіндей жанашыр болды, азды-көпті жетістіктеріме де Бейсекеңше сүйініп отырды.

**(Жалғасы бар).**